Өзіне-өзі қызмет көрсету еңбегіне қатысуға, сынып және мектеп бойынша кезекшілердің міндетін атқаруға. Мектеп бойынша кезекшілік сабақ басталғанға дейін 20 минут бұрын басталып, сабақ аяқталғаннан кейін 20 минуттан соң аяқталады.

6.3. **Мектеп оқушыларына тыйым салынады:**
Қаруды, оқ-дәріні, электресеңгіреткішті,газ баллонды, пиротехникалық құралдарды, спирттік сусындарды, темекі,уытты және есірткі заттарын әкелуге, қолдануға, беруге;
мектеп мекемесінде және оның аумағында темекі шегуге;
кез-келген жарылыс пен өртке әкеп соғатын заттар мен құралдарды қолдануға;
мектеп Жарғысын, мектепте қоғамдық тәртіпті бұзуға;
оқу барысында мектеп мекемесінде мобильді байланыс қуралдарын қолдануға;
оқушының өзіне және айналасындағыларға қауіп тудыратын кез- келген бөгде қылық көрсетуге;
әңгіме барысында балағат сөз қолдануға:
арақатынасты анықтауға, қорқытып, үркітуге күш қолдануға
6.4. **Осы ережені бұзғаны үшін оқушыларға тәртіптік жазаның түрлі шаралар қолданылады;**
баласының тәртібі жайында ата-аналарының хабардар ету;
айналасындағыларға зияның тигізетін тәртібін жою туралы шешім шығару үшін ата-анасын мектепке шақыру;
ескерту жариялау, сондай-ақ оны оқушының жеке ісіне еңгізу;
ата анасының есебінен материалды шығынды өтеу;
оқушы мен ата-анасын педкеңеске, әкімшілік кеңеске шақыру, мектептен шығару. Қазақстан Республикасының заңдарын бұзған жағдайда оқушы мен оның ата –анасы әкімшілік және қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін.

VII. АТА-АНАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.
(немесе заңды өкілдерін)

7. **Ата-аналар (заңды өкілдер) міндетті:**

Балаларының тәртібіне, жалпы орта білім алуына және олардың (толық) орта білім алуларына қажетті жағдай жасауға, оқушылардың сабаққа ұнемі қатысуын қадағалауға жауапты;

Оқушы туралы мәліметті, баланың келмеу себебін мектепке уақытында хабарлауға;

Баланың ойдағыдай білім мен тәрбие алуына қажетті құралдарымен, оның ішінде спорттық киім, ауыстыратын аяқ киім, еңбек оқуына арналған киіммен қамтамасыз етуге;

Сынып және мектепшілік ата-аналар жиналысына қатысуға, мектепке әкімшіліктің, педагогтың шақыртуымен келуге;

Заңнамаларда қарастырылған тәртіп бойынша, мектеп мүлкіне оқушы келтірген шығынды өтеуге;

Мектеп қызметкерлеріне құқығы мен еңбегін сыйлауға, олардың абыройын қолдауға;

Заңнама ережелерін, Жарғы мен Қағидалардың талаптарын орындауға;